

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Эммануэль Левинас
«Этика және тұлға»



Мақсаты: Эммануэль Левинастың этикалық нормалар мен феноменология нұсқалары туралы тұжырымдарын баяндау, сол арқылы тіл, дискурс, тұлға ұғымдарымен ұштастыра шартты логика негіздерін сипаттау.

Кілт сөздер: феноменологияның этикалық нұсқалары, шартты логика, метафизикалық талпыныс, сананың солипсистік диалектикасы, дискурс.

Негізгі идеялар:

- Левинастың қалыптасу мектебі: Гуссерль мен Хайдеггер ықпалы.
- Өзгені түсінудің негізі ретінде шексіздік пен бет-перне.
- Тіл жеке терминдер арасындағы қатынас ретінде.
- Левинастың жаңа тұжырымдары негізінде шексіздікті түсінудің дәстүрлі үлгісі.
- Этика және Тұлға: қарсыласу, күресу және ойды білдіру.
- Себеп және Тұлға тіл дискурсы мен объективтілік тұрғысынан.

Эммануэль Левинас заманауи пәлсапаның феноменологиялық бағытының көрнекті өкілі. Э. Левинас – «Уақыт және Өзге», «Тотальдылық және шексіздік», «Гуссерль мен Хайдеггер бірлесе тіршілікті аша отырып» және т.б. сияқты еңбектердің авторы. Оның қызметі феноменологияның этикалық нұсқаларын құрастыруға бағытталды. Оның шешімін ойшыл зерттеулердің феноменологиялық әдістемесіне сүйене іздеді, бұл салаға экзистенциализм мәселесін талдау ұстанымдары да қосылды.

Левинас феноменология негіздерін Фрайбургте, Гуссерль дәрістеріне қатысып жүріп, меңгерді. Сол кездің өзінде жаңа бастаған философ феноменология ұғымын тіршілік мәселесімен сабақтастыру қажеттігін түсінді. Осы мақсатта ғалым феноменологиялық талдау мәселелерін адамзаттық мораль тәжірибесінің түрлі салаларына бағыттады. Гуссерль мен Хайдеггер тұжырымдарын салыстыра отырып, Левинас Хайдеггердің нақты адамға бағытталған қозғалысына қолдау көрсетеді. Дегенмен уақыт өте келе, Левинас Хайдеггердің онтологиясын сынға алады, себебі бұл тұжырымда тіршілік болмыс диалектикасына сүйене талданатын болған. Оған қарсы көзқарас ретінде Левинас «Мен» деген ұғымның шектеулі кеңістігі мен болмыстың тұлғалы қабілетін тадап көрсетеді.

Антология авторлары атап өткендей, Левинас XX ғасырдың екінші жартысындағы еуропа пәлсапасының белді тұлғасы болды. Оның еңбектері феноменология мәселелеріне арналып отырып, Өзгенің айшықты келбетін саналы сезіне білуге негізделді.

Левинас Өзгеге деген қарым-қатынас пәлсападағы тіршілік табиғатына қатысты кез келген мәселеден маңызды деп есептеді. Зерттеушінің айтуына қарағанда, өзге адамды толық танып білу мүмкін емес, сондықтан адамның ішкі әлеміне кепілдік беретін бір ғана амал – оның Өзгеге деген қатынасы. Танымның төменгі сатысы болып табылатын сезімдік таным адамның көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін көру сияқты нақты физиологиялық каналдары негізінде жүзеге асады. Олар арқылы адам айналасындағы қоршаған дүниені қабылдайды. Бұл үдеріс мида түйсік тудырады. Бұл ретте, автор үшін этика ілімінің негізін еркіндік емес, жауапкершілік ұғымы нақтыламақ. Авторлық талдаулар «Шексіздік және Тұлға» деген ұғымдардың арақатынасынан бастау алады. Левинас: «Тіршілік иелеріне жақындау мүмкіндігі оған деген көзқарасқа тәуелді, оның күші мен басымдығы шексіз... Көзқарас арқылы мен өзімді де сол арнада ұстап тұра аламын... Тұлға да оның мазмұндық қарсылығына қатысты. Бұл мағынада оны түсіну немесе толығымен қамту мүмкін емес. Көру арқылы көрініс табатын тұлға нысанның өзгермелі сипатына, оның мазмұндық ерекшелігіне жақындайды...» (2), – деп баса көрсетеді.

Автор үшін «Өзге немесе Басқа» ұғымы оның өзгермелі сипатымен ғана өлшенбейді. Осы сияқты оның шеткі түрлерін де атап өтуге болады, олар бір-бірін жоққа шығара алар ерекшелікке ие. Философтың айтуына қарағанда, Өзге мен «Менің» арасындағы байланыс арнайы сандарды немесе арнайы ұғымдарды есепке алмайды. Нәтижесінде Өзге өз алдына жат әрі трансцендентті сипатта қалады. Осылайша оның бет жүзі де екеуімізге ортақ болар заңдылықтардан ажырай отырып, өзіндік болмысымен өзгешеленеді. Мәселе абсолютті айырмашылықта болып тұрғандықтан, ол түр-түстік сипаттамаларға тәуелді болмайды. Осыған орай, аталған негізде сөз болар айырмашылықтар өзара логикалық иерархиямен сұрыпталады.



Таным адамға тән негізгі табиғи белгілердің бірі болып табылатындықтан, жалпы адамзаттың болмысын анықтау, оның қоғам мен қоршаған әлемдегі қимыл-әрекетін сұрыптау, этникалық өзгешеліктерін зерделеу – барлығы да өзін және өзгені тану арқылы мүмкін болары анық. Осыған орай, өзгеге деген қарым-қатынас «адамтанудың» өзегіне айнала отырып, адамның ішкі-сыртқы потенциалын, мінез-құлқын, танымдық қабілетін, іс-әрекетін талдап түсіндіруге, сол арқылы тың ізденістердің жаңа қырларын ашып тануға бағытталады. Адам мен адамды байланыстыратын, олардың жеке субъективті өзгешеліктерін айғақтайтын әрі қоршаған ортамен араласу заңдылықтарын саралайтын құралдардың ішінде қарым-қатынастың атқарар қызметі де, орны да айрықша. Бұл ретте Левинас тілге ерекше мән береді, оны абсолютті айырмашылықтарды белгілейтін аса маңызды құрал деп бағалайды, бұл қабілетке шартты логика ие бола алмайды деп тұжырымдалады. Автордың пікірінше, тіл тұтастықты бұзатын терминдердің аралық байланысын сақтауға көмектеседі, сол арқылы өзара қарым-қатынас құрайтын терминдер не қатынастан мүлдем босайды немесе олардың абсолютті моделін жасауға септігін тигізеді. Бұл жағдайда тіл болмыстың немесе тарихтың үзілмес сипатынана арылтар қабілетке ие болады. Өзгенің болуын ғалым жағымсыз сипатта баяндамайды, себебі дискурс әлі де трансцендентті ақиқатпен тығыз байланыс құрайды. Левинастың қабылдауында «тіл дегеніміз – жеке терминдердің арасындағы байланыс». Бірі өзгенің тақырыптық сипатын таныта отырып, оны сыртқы пішіндік сипатында бейнелей бермейді. Сөз Өзгенің табиғатын бойына жинай отырып, сол Өзгенің басты ерекшелігін даралай алады. Дегенмен өзгеге бағыттала айтылған сөздің мағыналық кеңістігі әңгіменің аяқталғанына қарамастан, біразға дейін сақталады. Үнсіздік сақталған сәтте айтылған сөздің күші еселене түседі, сол арқылы оның салмағы да анықталады. Өзгені қамтитын білім дискурс шеңберінде өзіне бағытталған аяда көрініс табатыны анық. Левинас: «Өзгеге қатысты әңгіме тыныштықты қажет етеді. Сөз көру арқылы өтеді. Білімнің бойында немесе көрген ақпаратта нысан белгілі бір актіні анықтай алады, бірақ бұл акті көрген-білгенін өзіне қатыстылығымен анықтап, өзіндік мағынасымен әлеммен тоғысуына әсер етеді...» (2), – деп жазды. Демек, тақырып ретіндегі Өзге мен әңгімеге қатысушы Өзгенің арасында пайда болатын дискурс бойындағы ерекшеліктер сол сәтте оны ұстап тұрған тақырып шеңберінен шыға отырып, мағыналық бірлікке де сенімсіздік танытуы мүмкін. Сол мезетте тілдің шартты құрылымы Өзгенің этикалық дербестігін нақтылайды.

Диалектика болмысының объективтік шындық, табиғат, қоғам сияқты ұғымдармен ұштасуы таным мәселелерінің логика-пәлсапалық ұстанымдармен сабақтаса айқындалуына мүмкіндік береді. Әдебиет теориясының дамуына әсер еткен эпистемиологиялық үрдістің уәждеу себебі де осы фактілер негізінде айғақталу мүмкіндігіне ие болады. Пәлсапа ғылымында диалектика бүгінгі күні әрі даму теориясы, әрі таным әдісі ретінде дамытылатындықтан, тіл мен танымның арасында жүзеге асатын принциптер де екі бағыттың тоғысу шеңберінде зерделенеді. Біріншіден, дамушы әрі дамытушы фактор деп қарастырылатын диалектика заңдылықтарына сәйкес әрі кезінде жоғары бағаланған Гегель пайымдауына сүйенетін болсақ, шындық дегеніміз – дайын күйіндегі догмалар жиынтығы емес, ол ғылымның ұзақ та тарихи дамуы барысында әр кез толығы үстінде болатын, төменнен жоғары қарай өрлей беретін шексіз танымдық үдерістер, өйткені дүниедегі барша құбылыстар, тіпті қоғамдық тәртіп нормалары да бір-ақ кезеңге қызмет ететін өтпелі үлгілер болып есептеледі, адам ештеңені шегіне жетіп тани алмайды, яғни қоршаған әлем мәңгілік дамудың көрсеткішін құрайтын деректер, фактілер жиынтығы деп айқындалады. Екіншіден, танымдық тұрғыдан диалектика ұстанымдары жекеленген заттар мен құбылыстарды біріктіретін тұтастық немесе жалпыға ортақ негіз ретінде қарастырылатын қағидадан бастау алады. Аталмыш ұғым алғашында Платон еңбектерінде көрініс тауып, «идея» сөзімен түсіндірілді. Философ «идеяның» басты өзгешелігі заттардың негізі мен тегінде, жалпылық қасиетінде жатыр; ол шындықтан әрекет пен қарым-қатынас арқылы туындайды; сөйтіп, болмыстың да өзгеріп отыруына әсер етеді деп тұжырымдады. Осыған орай, Левинас ізденістеріне арқау болған шексіздік пен бет-перне ұғымдары да дискурс шеңберінен шыға, абсолютті қатынастар өрби, сананың солипсистік диалектикасынан кеңірек талданады, өйткені олар еркіндікке емес, еріксіздікке қатысты күмәнді ойлар туындатады. Бұл жағдайда ішкі заңдылықтарға кірмейтін, дегенмен одан жоғары тұра оның мәртебесін шексіздік ұғымдарымен сабақтастыратын тұлғаның табиғаты анықталады. Бұл толыққанды ұғым белгілі бір ыдыста толып тұратын сұйықтықтан бөлек болатынын да ескеру керек.



Жеке тұлғаның позициясы немесе ұстанымы басым бағытта моральдық негізде саралану керек. Шексіздік идеясы да сол тұлғамен қатынаста анықталғаны дұрыс. Осы идея Өзгенің сыртқы келбетін де, жеке ұстанымдарын да қамтамасыз етеді. Осылайша, Левинастың көзқарастарына сәйкес, бұл ретте онтологиялық аргументке сай құрылым жасалады, яғни тұлғаның сыртқы келбеті оның болмысына үйлестіріледі. Дегенмен автордың айтуына қарағанда, болып жатқан мәселелер талқылау негізін емес, тұлға болмысына сай анықталар қырағылықты танытады. Абсолютті Өзгеге қатысты қарастырылатын метафизикалық талпыныс интеллектуалдық сипатты тереңдете отырып, оның энергиясын тұлға немесе шексіздік идеясы шеңберінде айқындалар ұғымдар қатарын құрайды. Зерттеуші шексіздік идеясының құзыретті өкілеттілігі менің арқамда іске асады деп есептеді. Бұл адамзатқа тән табиғи ерекшеліктерден емес, тәжірибеге сүйене асырылады.

Левинас Кант негізін қалаған шексіздік ұғымы сана идеалы ретінде сұрыпталатынына ерекше мән берді. Нәтижесінде түйінді ойлар тек шексіздік ұғымымен ғана анықтала қоймайды. Керісінше, шексіздік оны күшейте түсер шектеулермен нақтыланатын болады. Философтың ойына сәйкес, бұл аталған шексіздік канттық пәлсапаның антикартезиандық ерекшелігін құрайды. Бұл мәселе кейін Хайдеггер пәлсапасында да қолдау тапты. Шексіздік түсінігінің диалектикасы туралы ойлана келе, Левинас Гегельдің де Декартқа бағытталған ойларын талдайды. Автор: «Гегель Декартқа қайта орала отырып, шексіздіктің жағымды сипатын негіздеді, бірақ оның көпқырлылығын жоққа шығарды. Ол шексіздікті онымен байланыс құрар әр «өзгені» есепке алмай, шектей отырып қарастырды. Шексіздік тек барлық қатынастарды қамти алады», - деп атап көрсетті. Левинас нақтылық пен шексіздіктің қарым-қатынасы сол нақтылықтың тәуелсіз мемлекетпен қатынасына пара-пар деп талдады. Оның тұжырымдарында бұл шексіздік өз шектерін жоққа шығару арқылы ғана мүмкін болды.

Левинас зерттеулерінің тағы бір маңызды бөлігін Этика мен Тұлға ұғымдарының ара-қатынасы анықтады. Оның талдауында тұлғалар меңгеруге қарсы, олардың ашық қырағылықтарында, саналы бейнелеуінде адам жанын жаулап алар мәселелер қарама-қарсылық тудыра алады, сондықтан автор үшін мұндай мутация тек жаңа өлшемдер арқылы мүмкін болады. Бұл «тұлға адаммен сөйлесе отырып, билікпен тең түспес қатынасты ұсынады» дегенді білдіреді. Нәтижесінде жаңа өлшем тұлғаның сезімтал бейнесінде көрініс табады. Бұл ашықтық бет-жүзіндегі белгілерден көрінеді, кейін тіпті карикатураларға да негіз бола алады.

Соның негізінде тұлға құдірет пен мысқыл шегінде белгілі бір әрекеттердің тууын дәйектейді. Тек сезіммен айқара ашылатын тереңдік қана биліктің табиғатын өзгерте алады деп есептеледі. Автор: «Қалайша осындай шексіздік пен менің күштерім арасындағы теңсіздік немесе диспропорция өзге кедергілер күшінен ерекшелене алады?» деген сұрақтың жауабын іздейді. Кейде ең қарапайым адам өмірінен алынған жағдай ерекше мүмкіндіктерге жол ашатынын ескерсек, оның тіршілікті толығымен жоққа шығаруға негізделетінін де байқауға болады. Кейде жоқ деп айтуға бекінген Өзге адам ең қиын шешімдерге бел бууы мүмкін, тіпті өмірмен қоштасуға дейін де баруы ықтимал болғандықтан, қару мен семсердің көмегіне де жүгінер деген ойлардың астарында жоғалған беріктіктің белгісі көрініс табатындай болады. Әлем санатында ол квази-ештеңе деген ұғымды тудырады. Алайда адам сол күштерге қарсы тұра отырып, өзін үлкен тұтастықтың бөлшегіндей елестете алар қабілетке ие болады, сол арқылы бағалау энергиясын да іске қоса алады.

Шексіздік өзінің шексіз қарсылығымен билікке де әрекет етуге жол бермейді. Бұл ретте әңгіме арқауын үлкен қарсылықтар емес, өзгеше бір құбылыстар анықтайды, оны автор қарсылығы жоқ қарсылық деп сипаттай келе, этикалық қарсылық деген атпен айғақтайды. Аталмыш контексте тұлғаның оянуы этикалық бірліктермен өлшенеді. Тұлға кездейсоқ күреспен қауіп төндіреді, алайда ол шексіздік жаңғырығын қамтамасыз ете алмайды. Левинас кез келген нұрлы ой сол нұрды таратушы тұлғаның қатысынсыз іске аспайды деп есептеді. Мүмкін, бұл сұлулық белгісі де болар. Өз әлеміңді анық таныту үшін сұхбаттасушының көмегіне сүйену керек деп есептеген автор ой өзін шынайы әрекет немесе көрсеткіш ретінде міндеттей алмайды деп тұжырымдады. Осыған орай, Левинас сенің бойыңа тарайтын әлем сенің ой еркіндігіңнің алдында күшсіз деп есептеді. Өзін білдіруге талпынған, саған сездіруге ұмтылған тіршілік иесі сенің бостандығыңды шектеуге емес, оның кең қанат жаюына септігін тигізер деп пайымдалды.



Философ ойдың түсінікті пішінде жеткізілуі шарт емес деп атап көрсетеді. Бұл «түсініктер шеңбері» болмыс логикасының бастапқы сипаты емес деп талданады, ой олардың үйлестіруші әсерлерінің алдын алушы деп сипатталды. Нәтижесінде кез келген оқиға куәландырушы және кепілдік беруші ретінде қарастырылды. Бұл өзін тұлға ретінде дәлелдеуге бағытталған адамның сөзіне тікелей қатысты болады деп есептелді. Ол жерде тіл ментальды ерекшеліктермен дәйектелген әлем туралы идеялардың ауысымы ретінде негізделеді. Тіл арқылы тұлғаның өзгеше сипаты нақтыланатын болғандықтан, ғалым тілдің төменгі сатысында ерекшелік болмаса, онда сөз сөйлеушінің басымдық ықпалы әр сөйлеген сайын күшейе түсер еді деп тұжырымдады, себебі сөйлесу әрекетінің кез келген түрі, ең алдымен, танымдық бірліктер жиынтығынан бастау алып, содан кейін ғана қатысымдық элементтер арқылы көрініс таба сыртқа шығады. Ал танымдық дискурс негізін білім құрылымы, тәжірибе қоры, концептуалды қабылдау тәсілдері құрайтындықтан, олардың барлығы жады, сана, ми жүйелерінде жүзеге асатын ақыл-ой, тану, ойлау, есте сақтау, жаңғырту секілді өзге де әрекеттердің көмегімен қолданыс табады.

Бұл ретте іске мистикалық деп айтуға тұрарлық этикалық қатынастар да қосыла сабақтасады, өйткені олардың ықпалымен оқиғалар басым сипатқа ие бола алады. Кейде алғашқы мағынаны кеңейтер екіұдайлы мағынаның да пайда болатыны ақиқат. Осылайша дискурс дұғаға айналуы мүмкін, себебі жалбарыну өзгеше бір салтқа айнала отырып, сұхбаттасушылар драмадағы рөлдерге енгендей кейіп танытуы ықтимал. Диалог шеңберінен аса келе, бұл жерде этикалық қатынастар мен тіл рационалды сипатқа ие болады. Ешқандай қорқыныш не толқу бұл түзулікті өзгерте алмайды. Мысал ретінде Левинас поэзиялық әрекетті талдады. Оның ойынша, дәл сол ортада ықпал-әсерлер біздің еркімізге тәуелсіз қалыптасады. Іске ырғақ қосылады. Бұл ретте, Ницшенің ойына сәйкес, суреткердің дионистік тәртібі өнер туындысына айнала отырып, тілге қарсы әрекет етеді, демек ырғақтың күші әлсіреп, оның бөлшегі болуға кедергі келтіреді. Осыған орай, автор үшін дискурс дегеніміз – бұл әрі үзіліс, әрі бастама, бұл адамды прозаға ертіп алып кетер ырғақтың бұзылуы.

Дискурсты түсіну бағытында Левинас тілдің рөлін фактор ретінде дәйектей отырып, оны рационалды ойлаудың қызметін белгілейтін ерекшелік ретінде талдауға тырысты. Ғалым тілді болмыстың бастауы әрі бастапқы белгілердің бірегейлігі деп қарастырды. Левинас ойдың тілдік шарттары оның физикалық материалдық мағынасындағы тіл бола алмайтынын баса атап өтеді. Бұл жерде тіл өзгеге деген қарым-қатынастың өзегі деп танылады. Тіл санаға арнайы енгізілмейді, ол өзге адам табиғатынан бастау ала отырып, санада белгілі бір шарттылықтардың қалыптасуын күмәнмен зерделейді. Ақылға қатысты тіл оның бөлінуін, яғни трансцедентті идеализмнің конститутивті, экологиялық табиғатынан айырмашылығын түсіне білуді білдіреді. Санадағы шексіздік идеясы – бұл сананың толығыуы, сол арқылы жан қанағаттанатындай жаңа күштердің оянуы, сондықтан, автордың ойларына сүйенер болсақ, егер тұлға тілге жүгінер болса, онда ол өзінің осы болмыстағы мағыналық кеңістігін анықтай отырып, тілдің санаға қызметін ғана емес, оның себебін де айғақтай алады.

Заңсыздық мағынасындағы ақыл-ой оның дискурсын анықтауға мүмкіндік бермейді, себебі әңгімеге бірнеше қатысушы араласады. Ақыл-ой өзгеше бола тұра, өзге себептердің барлығын дәйектей алмайды. Жеке санадағы имманентті ақыл-ойға табиғи сипат тән, сол себепті ақыл-ой сол сананың табиғатын реттейтін белгілі бір заңдар жүйесі деп қарастырылады. Бұл жағдайда тіл белгілерді жаңғыртуға негізделген жүйе деп қабылданады, сол арқылы бір санадан өзге ойға жылжу мүмкіндігі пайда болады. Осыған орай, автор үшін тіл мен объективтіліктің байланысын сипаттау, саналы әлемді өзгенің қатысымен дәйектей көрсету, соның негізінде әлемді өзіндік мағынасы бар тақырыптар арқылы таныту аса маңызды болды.

Автордың «өзге» мен «менікі» ұғымдарының тығыз қарым-қатынасымен анықталатын мағыналық рационалдық туралы ойлары, шын мәнінде, қызығушылық тудырады. Адам өзіне қатысты қатынастар ортасының нысаны деп танылатындықтан, Левинас: «Мен затты белгілей отырып, оны өзгеге ұсынамын. Бұл белгіленетін акті менің заттарға деген қарым-қатынасымды және оны игеру мүмкіндігімді өзгертері анық, себебі оларды өзгеге тиесілі ету мәселесі алға шығады. Таңбаны қолдану заттарды қол жетімді етер әрі менен ажыратар жанама байланыспен шектелмейді» (2), – деп атап көрсетеді. Дәл осы контексте автор Сөздің қару ретіндегі маңыздылығына тоқталады, оны ойды жеткізудің басты көрсеткіші деп бағалайды. Автордың



тұжырымына сәйкес, объективтілік те тілден туындайды. Тіл нысандардың объективті болуын қамтамасыз ете отырып, олардың тақырыптарын да нақтылауға көмектеседі. Объективтіліктің негізі субъективті үдерістерде, Өзгемен қарым-қатынаста анықталар этика-лық нормаларда көрініс табатындықтан, еңбекте тұлғаралық ассиметрия позициялары да сана мен ерік ұғымдарымен тоғыса талданады. Сол арқылы Левинас жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды сөз етеді, оның астарында: «Өзгеге деген қарым-қатынас адамның ішкі ресурстарының нәтижесі болып табылады» деген ой түйіні өзектеледі.

Біздің Антологиямен танысуымыз өз мәресіне жақындап қалды. Келесі кезекте біз Марта Нуссбаумның «Адамзат культивациясы: нарративті қиялдау» атты еңбегін талдауды көздейміз. Алға қойылған міндеттер қатарын әдебиеттің әлем азаматын қалыптастырудағы және азаматтық құндылықтарды саналы дамытудағы орны мен рөлін анықтау мәселелері анықтайды. Аталған мәселелер әдебиет теориясының концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрары да сөзсіз. Адамзат тіршілігінің ең басты туындысы деп танылатын әдебиет заңдылықтарына зер салу, сөз мағынасын таным тұңғығынан өрбіту, сөз өнерінің тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы әмбебап, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу сөз өрісін кеңейтуге мүмкіндік берері де анық.

Бақылау сұрақтары

1. Левинастың қалыптасу мектебінің ерекшелігі қандай? Гуссерль мен Хайдеггердің ықпалын қалай сипаттауға болады?
2. Өзгені түсінудегі шексіздік пен тұлға табиғатының ерекшелігі неде?
3. Левинас тілді қалай сипаттайды? Еңбекте тілдің қандай функциялары өзектеледі?
4. Левинастың жаңа тұжырымдары шеңберіндегі шексіздікті түсінудің дәстүрлі сипатын талдап көрсетіңіз.
5. Этика мен тұлғаға қатысты Левинас тұжырымдарының ерекшелігі неде?
6. Себеп пен Тұлға ұғымдарын анықтауда тіл дискурсы мен объективтілікке қандай рөл ұсынылады?

Қолданылған дереккөздер

1. <http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000197/st035.shtml>
2. Джулия Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 342–357 б.